

БОРЫШКЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

«Ұлттық өндіру қызметі» коллекторлық агенттігі» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) 2017 жылғы 06 мамырдағы Қазақстан Республикасының «Коллекторлық қызмет туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабы Борышкердің және (немесе) оның өкілінің құқықтары мен міндеттерін қарастыратынына Сіздің назар аударуыңызды сұрайды.

Заңның жоғарыда аталған бабының 2-тармағына сәйкес, Борышкер және (немесе) оның өкілі:

1) коллекторлық агенттікке өзінің тұрғылықты жерінің (заңды мекенжайының) өзгергені, атының, әкесінің атының (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегінің ауысуы, жеке басты куәландыратын құжаттарының алмастырылғаны (мерзімі өткен, жоғалған жағдайда) туралы, өздерімен (өзімен) байланысу үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратының өзгергені және коллекторлық агенттіктің өздерімен (өзімен) байланысу және өзара іс-қимыл жасасу тәсілінің өзгергені туралы хабарлауға;

2) коллекторлық агенттіктің сұрау салуы бойынша кірістері мен шығыстарының деңгейі, тұрғылықты жері (заңды мекенжайы), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берешекті өтеу үшін өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлкінің бар-жоғы туралы анық ақпаратты ашуға;

3) осы Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес коллекторлық агенттікпен берешекті реттеу бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

4) он бес жұмыс күні ішінде кредитор ұсынған берешекті өтеу талаптарын карауға және коллекторлық агенттікке не кредиторға борышкер үшін қолайлы талаптарды хабарлауға міндетті.

Осымен Серіктестік Заңның 16-бабының 2-тармағында көрсетілген міндеттемелерді Борышкер орындамаған жағдайда, коллекторлық қызметті жүзеге асыру қағидалары Серіктестіктің жоғарыда аталған міндеттерді бұзушы Борышкермен және (немесе) оның өкілімен өзара іс-қимылына қолданылмайтынын түсіндіреді.